# «Kaspi Бонус» бағдарламасына қатысудың жария шарты

Осы «Kaspi Бонус» бағдарламасына қатысудың жария шарты «Kaspi Bank» АҚ пен Клиенттің арасында жасалады, оның талаптарын Клиент ұсынылған Шартқа толығымен қосылу арқылы қабылдауы мүмкін.

## 1. Шартта пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар

1.1. Kaspi – «Kaspi Bank» АҚ;
1.2. Kaspi.kz – интернет-сайт және (немесе) Мобильді қосымша, электрондық банктік қызметтердің компоненті, ол Клиентке Транзакцияларды қашықтан жүргізуге мүмкіндік береді.
1.3. Акцепт – Клиенттің Шартта көрсетілген әрекеттері, олардың жасалуы Клиенттің Шартты жасасуға ниетін растайды;
1.4. Бонус – Kaspi айқындаған оқиғалар басталған кезде және Kaspi белгілеген өзге де жағдайларда Клиент белгілі бір әрекеттерді (соның ішінде Карточка арқылы тауар, жұмыс, қызмет ақысын төлеу) жасаған кезде Шартты шотқа есептелетін шартты бірліктер;

1.5. Бонус бойынша үзінді көшірме – есептелген, Kaspi.kz-те жұмсалған Бонус туралы ақпараттық үзінді көшірме;
1.6. Шарт – осы Бағдарламаға қатысудың жария шарты;
1.7. Байланыс арналары – Kaspi айқындайтын талаптарда және тәртіппен пайдаланылатын, Интернет-киоскіні қосқанда, электрондық пошта (e-mail), пошталық байланыс, Интернет, мобильді банкинг, SMS-хабар, телефон, факс, банкомат, төлем терминалдары, POS-терминалдар, электрондық терминалдар арқылы Клиент пен Kaspi-дің арасында ақпаратты беру құралдары;
1.8. Карточка – Клиенттің төлем карточкасы, соның ішінде Kaspi шығарған АТТК;
1.9. Клиент – Шартта немесе Сайтта белгіленген тәртіппен Акцепт жасау арқылы Шартқа қосылған жеке тұлға;
1.10. Жинау лимиті – Адалдық бағдарламасында жинауға болатын ең көп Бонус саны. Жинау лимиті Kaspi айқындаған өлшемдерге сай БҚ-да белгіленіп, Байланыс арналары, соның ішінде Сайт арқылы Клиенттерге жеткізіледі;

1.11. Мобильді қосымша – Kaspi-дің арнайы бағдарламалық қамсыздандыуы, ол арқылы Карточка қолданылып, Транзакциялар жүргізіледі;

1.12. Телефон нөмірі – Клиенттің Kaspi.kz-те тіркелген мобильді телефонының нөмірі;
1.13. БҚ – бағдарламалық-ақпараттық кешен, мұнда Шартты шоттардың есебі жүргізіледі, Бағдарламаның

# Публичный договор участия в программе «Kaspi Бонус»

Настоящий Публичный договор участия в Программе «Kaspi Бонус» заключается между АО «Kaspi Bank» и Клиентом, условия которого могут быть приняты Клиентом путем присоединения к предложенному Договору в целом

## 1. Термины и определения, используемые в Договоре

1.1. Kaspi - АО «Kaspi Bank»;
1.2. Kaspi.kz – интернет-сайт и (или) Мобильное приложение, компонент электронных банковских услуг, предоставляющий Клиенту возможность дистанционного проведения Транзакций;
1.3. Акцепт – действия Клиента, указанные в Договоре, совершение которых подтверждает намерение Клиента заключить Договор;
1.4. Бонусы – условные единицы, начисляемые на Условный счет при совершении Клиентом определенных действий (в т.ч. по оплате товаров, работ, услуг посредством Карточки), наступлении определяемых Kaspi событий и в иных случаях, установленных Kaspi;
1.5. Выписка по Бонусам – информационная выписка о начисленных, потраченных Бонусах на Kaspi.kz;

1.6. Договор – настоящий Публичный договор участия в Программе;
1.7. Каналы связи – средства передачи информации между Клиентом и Kaspi посредством электронной почты (e-mail), почтовой связи, Интернета, мобильного банкинга, SMS-сообщений, телефонов, факса, банкомата, платежных терминалов, POS-терминалов, электронных терминалов, включая Интернет киоск, используемые в порядке и на условиях, определяемых Kaspi;
1.8. Карточка – платежная карточка Клиента, в том числе ППК, эмитированная Kaspi;
1.9. Клиент – физическое лицо, присоединившееся к Договору путем совершения Акцепта, в установленном Договором или на Сайте порядке;
1.10. Лимит накопления – максимальное количество Бонусов, возможных к накоплению в Программе лояльности. Лимит накопления устанавливается в ПО согласно критериям, определенным Kaspi, и доводится до Клиентов посредством Каналов связи, в т.ч. Сайта;
1.11. Мобильное приложение - специальное программное обеспечение Kaspi посредством которого используется Карточка и осуществляется Транзакции;
1.12. Номер телефона – номер мобильного телефона Клиента, зарегистрированного на Kaspi.kz;
1.13. ПО – программно-аппаратный комплекс, в котором ведется учет Условных счетов, определяются

талаптары, Бонус есептелетін Клиенттердің өлшемдері мен Жинау лимиті айқындалады, сондай-ақ Бағдарламаның аясында алынатын ақпарат сақталады, шоғырландырылады және талданады;
1.14. АТТК – алдын ала төленген төлем карточкасы;
1.15. Бағдарлама – Kaspi Бонус бағдарламасы, Тараптардың өзара қарым-қатынастарының кешені, олардың нәтижесінде Клиенттің Бонус жинауға және пайдалануға құқығы туындайды. Бағдарлама Қазақстан Республикасының аумағында қолданылады;
1.16. Сайт - www.kaspi.kz және/немесе www.kaspibank.kz сайты;
1.17. Қолдау қызметі – Бағдарламаның аясында клиенттердің өтініштерін өңдейтін Kaspi-дің құрылымдық бөлімшесі;
1.18. Есептен шығару – Kaspi.kz-те Транзакция жүргізуге байланысты Шартты шоттағы Бонусты азайту рәсімі;
1.19. Шот – Kaspi-де ашылған Клиенттің банктік ағымдағы және/немесе жинақ шоты;
1.20. Транзакция – тауар/жұмыс/қызмет ақысын төлеу үшін қолма-қол жасалмайтын тәртіппен, соның ішінде Карточканы пайдаланып жасалған Kaspi-дің Шотында (Шоттарында) көрсетілуі тиіс кез келген операция;
1.21. Жұмсау – Клиенттің Kaspi.kz-те Транзакция жүргізуі, ол Бонусты есептен шығаруға әкеледі;
1.22. Шартты шот – БҚ-дағы есептік және ақпараттық деректердің жиынтығы, шығыс операцияларының сомасы, есептелген, есептен шығарылған Бонус саны, ағымдағы Бонус балансы туралы деректер, сондай-ақ оларға сай Бонусты есептеу және есептен шығару жүргізілетін белгілі бір жағдайлардың басталғаны туралы ақпарат. Шартты шот Клиенттің атына ашылады. Шартты шотқа қолжетімділік Kaspi.kz-те жүзеге асырылады;
1.23. Электрондық ақша (бұдан әрі – ЭА) – ұстаушысы алдын ала салған және Банктің шоғырландырылған шотында ескерілетін ақша сомасы шегінде ұстаушысына төлемдерді жасау мүмкіндігін беретін электрондық ақша.

## 2. Шарттың мәні

2.1. Клиенттің қолма-қол ақшасыз, соның ішінде Kaspi.kz-те төлемдер жасауын ынталандыру мақсатында, Клиент Акцепт жасаған жағдайда, Kaspi Бағдарламаның аясында Бонус есептеу бойынша әрекет жасайды.
2.2. Шарттың талаптары Kaspi мен Клиенттің арасында бұрын жасалған шарттармен реттелетін Kaspi мен Клиенттің арасындағы қарым-қатынастарға қосымша келісім ретінде қолданылады.
2.3. Акцепт жасаған Клиент Шартта белгіленген барлық талаптар мен міндеттемелерді қабылдайды.
2.4. Kaspi.kz-те Транзакция жүргізу Акцепт болып табылады және мұндай Транзакция жүргізілген сәттен бастап Шарт жасалған болып саналады.

## 3. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

3.1. Мына жағдайлардың бірі орын алған кезде:

условия Программы, критерии Клиентов, которым начисляется Бонус, и Лимит накопления, а также осуществляется хранение, консолидация и анализ информации, получаемой в рамках Программы;
1.14. ППК – предоплаченная платежная карточка;
1.15. Программа – Программа Kaspi Бонус, комплекс взаимоотношений Сторон, в результате которых у Клиента возникает право на накопление и использование Бонусов. Программа действует на территории Республики Казахстан;

1.16. Сайт - www.kaspi.kz и/или www.kaspibank.kz;

1.17. Служба поддержки – структурное подразделение Kaspi, осуществляющее обработку обращений клиентов в рамках Программы;
1.18. Списание – процедура уменьшения Бонусов на Условном счете в связи с совершением Транзакции на Kaspi.kz;
1.19. Счет – банковский текущий и/или сберегательный счет Клиента, открытый в Kaspi;
1.20. Транзакция – любая операция по оплате товаров/работ/услуг, совершенная в безналичном порядке, подлежащая отражению на Счете (Счетах), счетах Kaspi, в том числе с использованием Карточки;

1.21. Трата – совершение Клиентом Транзакции на Kaspi.kz, которая влечет Списание Бонусов;
1.22. Условный счет – совокупность учетных и информационных данных в ПО, данные о сумме расходной операции, количестве начисленных, списанных Бонусов, текущем балансе Бонусов, а также информация о наступлении определенных событий, в соответствии с которыми производится начисление и списание Бонусов. Условный счет открывается на имя Клиента. Доступ к Условному счету осуществляется на Kaspi.kz;
1.23. Электронные деньги (далее – ЭД) – электронные деньги, предоставляющие ее держателю возможность осуществлять платежи в пределах суммы денег, предварительно внесенных ее держателем и учитываемых на консолидированном счете Kaspi.

## 2. Предмет Договора

2.1. В целях стимулирования совершения Клиентом безналичных платежей, в том числе на Kaspi.kz, в рамках Программы, при условии совершения Акцепта Клиентом, Kaspi осуществляет действия по начислению Бонусов.
2.2. Условия Договора применяются к отношениям между Kaspi и Клиентом, регулируемым ранее заключенными договорами между Kaspi и Клиентом, в качестве дополнительного соглашения.

2.3. Клиент, совершивший Акцепт, принимает все установленные Договором условия и обязательства.
2.4. Совершение Транзакции на Kaspi.kz является Акцептом, и Договор считается заключенным с момента совершения такой Транзакции.

## 3. Права и обязанности Сторон

3.1. Kaspi вправе устанавливать ограничения для Клиента в Программе, в том числе приостановить или прекратить начисление и Списание Бонусов с Условного счета, при наступлении одного из

3.1.1. Клиент Kaspi-мен жасалған кез келген шарттың бірі бойынша міндеттемелерін тиісінше орындамаған жағдайда;
3.1.2. Kaspi Клиент туралы Kaspi-мен жасалған кез келген шарт бойынша міндеттемелердің тиісінше орындалуына әсер ете алатын жағымсыз ақпарат алған жағдайда;
3.1.3. Бағдарламаның аясында Клиентке берілетін қандай да бір артықшылықты, құқықты, талапты теріс пайдаланғанда;
3.1.4. Клиент Бағдарламаның белсенді қатысушысы болмағанда;
3.1.5. Kaspi-дің қалауымен өзге де жағдайларда
Kaspi Бағдарламада Клиент үшін шектеулер белгілеуге, соның ішінде Бонус есептеуді және Шартты шоттан есептен шығаруды тоқтата тұруға немесе тоқтатуға құқылы.

3.2. Клиент:
3.2.1. Kaspi белгілеген шектеулерді ескеріп, барлық жиналған Бонус сомасын бір уақытта жұмсауға;
3.2.2. Бонус бойынша үзінді көшірме алуға құқылы. Бонус бойынша үзінді көшірмелердің нысанын және Бонус бойынша ақпарат беру кезеңдерін Kaspi өз қалауы бойынша айқындайды. Бонус бойынша үзінді көшірмеде барлық есептелген, күші жойылған, қалпына келтірілген және есептен шығарылған Бонус туралы ақпарат қамтылады және Kaspi.kz-те беріледі. Үзінді көшірме берілетін ең ұзақ кезең – үзінді көшірменің күніне дейінгі 1 жылдан аспайды.
3.2.3. Kaspi-дің Шартқа енгізетін өзгерістерімен және/немесе толықтыруларымен келіспеген жағдайда, Шартты бұзуға;
3.2.4. Есептелген Бонус саны туралы ақпаратпен келіспеген жағдайда, Клиенттерге қолдау көрсету қызметіне 9999 (мобильді телефоннан), сондай-ақ +7 (727) 258-59-65, +7 (727) 258-59-89 телефондары арқылы хабарласуға құқылы. Аймақтық Клиенттер көп арналы 8-800-080-1881 нөміріне хабарласа алады. Kaspi Бонус санын түзету мәселесі жөніндегі Клиенттің сұратуын Транзакция жасалған сәттен бастап күнтізбелік 14 күннің ішінде қабылдайды, олай болмаған жағдайда Клиент барлық мәліметтермен келіскен және барлық операциялар расталған және тиісінше орындалған болып саналады, ал сұрату қарастырылмауы/қанағаттандырылмауы тиіс болып саналады. Клиенттің осы өтінішінің негізінде оқыс оқиға құрылады, ал Kaspi-дің Бонус балансын түзету туралы немесе түзетуден бас тарту туралы шешім қабылдауы – оқыс оқиғаны өңдеудің нәтижесі;

3.2.5. Шартты бұзатын ойы туралы Kaspi-ге Шартты бұзатын болжамды күнге дейінгі 30 (отыз) жұмыс күні бұрын кез келген сәтте жазбаша хабарлауға құқылы.

3.3. Kaspi:
3.3.1. Бонустың негізсіз және орынсыз есептелуін және Есептен шығарылу қаупін азайту мақсатында шектеу шараларын қолдануға, соның ішінде Клиентке хабарламастан, Сайтта көрсетілген мерзімнен кешірек мерзімде есептеуге немесе Клиенттің назарына бұрынырақ

следующих случаев:
3.1.1. в случае ненадлежащего исполнения Клиентом обязанностей по одному из любых договоров, заключенных с Kaspi;
3.1.2. в случае получения Kaspi негативной информации о Клиенте, способной повлиять на надлежащее исполнение обязанностей по любому из договоров, заключенных с Kaspi;
3.1.3. Клиент злоупотребляет какими-либо привилегиями, правами, условиями, предоставляемыми Клиенту в рамках Программы;
3.1.4. Клиент не является активным участником Программы;
3.1.5. в иных случаях, по усмотрению Kaspi.

3.2. Клиент вправе:
3.2.1. потратить единовременно всю накопленную сумму Бонусов с учетом ограничений, установленных Kaspi;
3.2.2.получать Выписки по Бонусам. Форма Выписки по Бонусам и периоды предоставления информации по Бонусам определяются Kaspi по своему усмотрению. Выписка по Бонусам содержит информацию о всех начисленных, отмененных, восстановленных и списанных Бонусах и предоставляется на Kaspi.kz. Максимальный период предоставления выписки – не более 1 года, предшествующего дате выписки.
3.2.3. расторгнуть Договор в случае несогласия с вносимыми Kaspi изменениями и/или дополнениями в Договор;
3.2.4. в случае несогласия с информацией о количестве начисленных Бонусов обратиться в Службу поддержки клиентов на 9999 (с мобильного), а также по телефонам +7 (727) 258-59-65, +7 (727) 258-59-89. Для региональных Клиентов по многоканальному номеру 8-800-080-1881. Запрос Клиента по вопросам корректировки количества Бонусов принимается Kaspi в течение 14 календарных дней с момента совершения Транзакции, в противном случае считается, что Клиент согласился со всеми сведениями и все операции считаются подтвержденными и выполненными надлежащим образом, а запрос не подлежит рассмотрению/удовлетворению. На основании данного обращения Клиента, создается инцидент, результатом обработки которого является принятие решения Kaspi о корректировки или отказе в корректировке баланса Бонусов;
3.2.5. в любой момент письменно уведомить Kaspi о намерении расторгнуть Договор за 30 (тридцать) рабочих дней до предполагаемой даты расторжения Договора.

3.3. Kaspi вправе:
3.3.1.с целью снижения рисков необоснованного и ненадлежащего начисления и Списания Бонусов применить ограничительные меры, в том числе осуществить начисление в более поздние сроки, чем указано на Сайте или открыть доступ к Списанию позже сроков, доведенных до

жеткізілген мерзімдерден кеш мерзімде Есептен шығаруға рұқсат беруге;

3.3.2. Транзакция кезінде Бонус қате есептелгенде, Транзакция көрсетілетін БҚ/автоматтандырылған банктік жүйедегі техникалық жаңылыс кезінде, Клиентке шектеулер қолданғанда, Клиент немесе тауар/жұмыс/қызмет жеткізуші Транзакцияны болдырмағанда, тауарды/жұмысты/қызметті қайтарғанда, Kaspi-дің пікірінше, Бонус балансын түзету қажет болған өзге де жағдайларда, Шартты шоттағы Бонустың балансын түзетуге (есептеуге немесе есептен шығаруға) құқылы. Kaspi серіктестердің (жеткізушілердің) тауарлық-ассортименттік және бағалық саясаты үшін, серіктестің сауда орнында тауардың қорлары үшін жауапкершілік атқармайды;

3.3.3. Маркетингілік науқандар/акциялар өткізген кезеңде есептелетін өзге мөлшердегі Бонусты акцияда анықталатын мөлшерде есептеуге құқылы. Kaspi акция басталатын күннен кешіктірмей акция талаптары, оның өткізу кезеңі, Бонустың көлемі, олардың қолданылу мерзімі туралы ақпаратты және басқа ақпаратты кез кезген Байланыс арналары арқылы береді;

3.3.4. Кез келген уақытта алдын ала хабарламастан, Бағдарламаны тоқтата тұруға немесе тоқтатуға құқылы.

3.4. Kaspi:

3.4.1. Өзге тұлғалардың Шартты шот жөніндегі ақпаратқа рұқсатсыз кіруінің алдын алу үшін шара қолдануға;

3.4.2. Бағдарламаға қатысу үшін Клиенттен алынған ақпаратты жария етпеуге міндеттенеді.

3.5. Клиент Kaspi-ге Шартты орындау және жасасу мақсатында және Бағдарламаны іске асыру мақсатында, соның ішінде Қазақстан Республикасынан тысқары болған кезде өзінің дербес, соның ішінде биометрикалық деректерін жинауға және өңдеуге, дербес деректерін беруге, соның ішінде трансшекаралық беруге келісімін береді. Аталған әрекеттер автоматтандыру құралдарын, бұлтты және деректерді өңдеудің басқа технологияларын пайдаланып жүзеге асырылуы мүмкін.

## 4. Шартты шот

4.1. Шартты шот пен Шот оқшауланған және бір-бірінен тәуелсіз.

4.2. Бонус Kaspi.kz-те Транзакция жүргізген кезде ғана пайдаланылады.

4.3. Егер Kaspi Клиентке Байланыс арналарын пайдаланып өзгеше хабарламаса, Бағдарламаның аясында Клиентке берілетін бонус пен құқықтар Шартта көзделмеген тәсілдермен пайдаланылмайды.

4.4. Бонус Шартта көзделмеген мақсаттар үшін, соның ішінде қолма-қол ақша алу, Транзакция жүргізбей банктік шотқа Бонустың сомасына балама ақша аудару, Kaspi-дің алдындағы міндеттемелері бойынша Клиенттің және үшінші тұлғалардың төлеуі тиіс сыйақыны, комиссияларды және өзге де төлемдерді төлеу үшін пайдаланылмайды.

4.5. Бағдарламаға қатысу үшін Клиент мына барлық талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді:

4.5.1. Клиенттің Сайтқа және Kaspi.kz-ке кіруге

сведения Клиента ранее, без уведомления Клиента;

3.2.2. корректировать баланс Бонусов (начислять или списывать) на Условном счете в случае ошибочного начисления Бонусов при Транзакции, технического сбоя ПО/автоматизированной банковской системы, в которой отражается Транзакция, применения ограничений к Клиенту, при отмене Транзакции Клиентом или поставщиком товаров/ работ/услуг, возврате товара/работы/услуги и в иных случаях, когда по мнению Kaspi необходима корректировка баланса Бонусов. Kaspi не несет ответственности за товарно-ассортиментную и ценовую политику партнеров (поставщиков), запасы товара в торговой точке партнера.

3.3.3. начислить Бонусы в ином размере в период проведения маркетинговых кампаний/акций, в размере, определяемом акцией. Информацию об условиях акции, периоде ее проведения, величине Бонусов, сроке их действия и прочую информацию Kaspi предоставляет не позднее дня начала акции посредством любых Каналов связи.

3.3.4. приостановить или прекратить Программу в любое время без предварительного уведомления.

3.4. Kaspi обязуется:

3.4.1. принять меры для предотвращения несанкционированного доступа иных лиц к информации по Условному счету;

3.4.2. не разглашать информацию, полученную от Клиента для участия в Программе.

3.5. Клиент предоставляет Kaspi согласие на сбор и обработку его персональных данных, в том числе биометрических, на передачу персональных данных, в том числе трансграничную передачу, для целей исполнения и заключения Договора и в целях реализации Программы, в том числе при нахождении за пределами Республики Казахстан. Указанные действия могут совершаться с использованием средств автоматизации, облачных и иных технологий обработки данных.

## 4. Условный счет

4.1. Условный счет и Счет обособлены и независимы друг от друга.

4.2. Бонусы могут быть использованы только при совершении Транзакций на Kaspi.kz.

4.3. Бонусы и права, предоставляемые Клиентам в рамках Программы, не могут быть использованы способами, не предусмотренными Договором, если Kaspi иное не сообщено Клиенту с использованием Каналов связи.

4.4. Бонусы не могут быть использованы для целей, не предусмотренных Договором, в том числе для получения наличных денег, перевода денег, эквивалентной сумме Бонусов, на банковский счет без совершения Транзакции, для оплаты вознаграждений, комиссий и иных платежей, подлежащих уплате Клиентом или третьими лицами по обязательствам перед Kaspi.

4.5. Для участия в Программе Клиент обеспечивает соблюдение всех следующих условий:

4.5.1. у Клиента имеется техническое средство

техникалық құралы бар;

4.5.2. Клиент Акцепт жасаған.

4.6. Клиент пен Kaspi-дің арасындағы өзара қарым-қатынастарда пайдаланылатын, Клиент Сайтта сәтті авторизациядан өткен электрондық түрдегі құжаттар қағаз жеткізгіштегі тиісті құжаттарға тең болып танылады және Тараптардың Шарт бойынша соларға ұқсас құқықтары мен міндеттерін тудырады.

4.7. Клиентке бірнеше Шот ашылған немесе бірнеше Карточка шығарылған жағдайда, Kaspi барлық Бонусты бір Шартты шотта ескеруге құқылы.

## 5. Бонусты есептеу және есепке алу

5.1. Бонусты есептеу және есепке алу:

5.1.1. Бонус Транзакция жүргізгенде және/немесе акция талаптарын орындаған кезде есептеледі;

5.1.2. Бонус жұмсаған сәтке дейін Шартты шотта ескеріледі;

5.1.3. Kaspi Жинау лимиттерін, Бонусты жинау кезеңдерін, Бонусты жұмсау немесе басқа тәсілмен жұмсау мүмкіндігінің талаптары мен тәртібін (күнін, уақыт кезеңі және т.б.), оларды жұмсау үшін Шартты шотта болуы қажет Бонустың ең аз санын және басқа талаптарды өз қалауынша белгілейді. Көрсетілген ақпарат Клиенттің назарына Kaspi.kz-те немесе өзге Байланыс арналары арқылы жеткізіледі;

5.1.4. Kaspi Бонусты есептеу өлшемдерін Транзакция жүргізу арқылы Клиенттің сатып алған тауар, жұмыс, қызмет түріне байланысты өз бетінше айқындайды. Шоттарда шектеу болған кезде Бонус есептелмейді.

5.2. Kaspi-дің серістестерінен Бонустың есебінен тауар, жұмыс, қызмет сатып алған жағдайда, Kaspi өз қалауынша және серіктеспен келісім болған жағдайда, Клиентке тиісті серіктестен жеңілдікпен тауар, жұмыс, қызмет сатып алу мүмкіндігін беруі мүмкін.

5.3. Клиент Бонустың балансы туралы ақпаратты Байланыс арналары арқылы және/немесе Kaspi.kz-те алады.

5.4. Мынадай жағдайларда:

5.4.1. Шартты шотта Бонустың оң балансы болғанда;

5.4.2. Шартты шот бұғатталмағанда;

5.4.3. Шартқа, Бағдарламаға сай Клиентке шектеулер қолданылмағанда;

5.4.4. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген Kaspi Gold карточкасы арқылы қол жеткізілетін Шотқа қойылған шектеу (тыйым салу, шығыс операцияларын тоқтата тұру, мүлікке билік етуге уақытша шектеу қою, мүлікпен мәмілелер және өзге де операциялар жүргізуге шектеу қою) болмағанда, Клиент Бонусты жұмсай алады және Kaspi оларды есептен шығарады.

5.5. Kaspi:

5.5.1. Казинода және тотализаторларда;

5.5.2. кез келген, соның ішінде Kaspi шығарған АТТК/ЭА сатып алу мақсатында;

5.5.3. Лотерея билеттері мен облигацияларды сатып алуға байланысты операциялар бойынша;

5.5.4. Пай қорларында пай сатып алу

доступа к Сайту и на Kaspi.kz;

4.5.2. Клиент совершил Акцепт.

4.6. Используемые во взаимоотношениях между Клиентом и Kaspi документы в электронном виде, успешно авторизованные Клиентом на Сайте, признаются равными соответствующим документам на бумажном носителе и порождают аналогичные им права и обязанности Сторон по Договору.

4.7. В случае если Клиенту открыты несколько Счетов или выпущены несколько Карточек Kaspi вправе учитывать все Бонусы на одном Условном счете.

## 5. Начисление и учет Бонусов

5.1. Начисление и учет Бонусов:

5.1.1. начисление Бонусов осуществляется при совершении Транзакции и/или выполнения условий акции;

5.1.2. Бонусы до момента траты учитываются на Условном счете;

5.1.3. Kaspi по своему усмотрению устанавливает Лимиты накопления, периоды накопления Бонусов, условия и порядок (дату, период времени и т.д.) возможности траты Бонуса или другим способом, минимальное количество Бонусов, которые необходимо иметь на Условном счете для совершения их траты и другие условия. Указанная информация доводится до сведения Клиента на Kaspi.kz или посредством иных Каналов связи;

5.1.4. Kaspi определяет самостоятельно критерии начисления Бонусов в зависимости от вида товара, работы, услуги, приобретенной Клиентом посредством совершения Транзакции. Начисление Бонусов при наличии ограничений на Счетах не осуществляется.

5.2. В случае покупки товаров, работ, услуг у партнеров Kaspi за счет Бонусов, Kaspi по своему усмотрению и при наличии договоренности с партнером может предоставить Клиенту возможность приобрести товар, работу, услугу со скидкой у соответствующего партнера.

5.3. Информацию о балансе Бонусов Клиент получает посредством Каналов связи и/или на Kaspi.kz.

5.4. Бонусы могут быть потрачены Клиентом, и Kaspi осуществляет их Списание при условии:

5.4.1. наличия положительного баланса Бонусов на Условном счете;

5.4.2. Условный счет не заблокирован;

5.4.3. к Клиенту не применены ограничения согласно Договору, Программе;

5.4.4. отсутствия ограничений, предусмотренных законодательством Республики Казахстан (арест, приостановление расходных операций, временные ограничений на распоряжение имуществом, ограничения на совершение сделок и иных операций с имуществом) к Счету, доступ к которому осуществляется посредством Карточки Kaspi Gold.

5.5. Kaspi вправе не предоставлять Клиенту Бонусы по Транзакциям, осуществляемых:

5.5.1. в казино и тотализаторах;

5.5.2. с целью покупки любых ППК/ЭД, в том числе эмитированных Kaspi;

5.5.3. по операциям, связанным с покупкой лотерейных билетов и облигаций;

5.5.4. с целью приобретения пая в паевых

мақсатында;

5.5.5. Бағалы қағаздар бойынша операцияларды төлеу мақсатында;

5.5.6. Ломбардтардың пайдасына;

5.5.7. Kaspi-ге, басқа банктерге төлем жасауға және ақша аударуға байланысты барлық операциялар бойынша (соның ішінде шотқа ақша салу бойынша аудару операциялары;

5.5.8. Электрондық әмияндарға ақша салу мақсатында;

5.5.9. Егер Kaspi-дің ішкі нормативтік құжаттарында Kaspi өзгеше белгілемесе, АТТК/ЭА арқылы Kaspi.kz-те жүргізілген Транзакциялар бойынша;

5.5.10. Kaspi-дің қалауынша өзге де операциялар/Транзакциялар бойынша Клиентке Бонус бермеуге құқылы.

5.6. Бонусты дұрыс есептеу мәселелері бойынша Клиент Телефон нөмірінен Клиенттерге қолдау көрсету қызметіне 9999 нөмірі арқылы телефон соғып, тәулік бойы хабарласуға құқылы.

## 6. Тараптардың жауапкершілігі

6.1. Шарттың талаптары бұзылған жағдайда немесе, Kaspi-дің пікірінше, Клиент Шарт бойынша құқықтарды жүйелі түрде (екі реттен артық) теріс пайдаланған (соның ішінде Бонус алу мақсатында жалған Транзакциялар жүргізген) жағдайда, Kaspi-дің төмендегі шаралардың бірін қолдануға:

6.1.1. Қызмет көрсетудегі ықтимал шектеу туралы ескертуге;

6.1.2. Қызмет көрсетуді шектеуге және (немесе) тоқтата тұруға;

6.1.3. Бонусты есептеудің күшін жоюға және/немесе Шартты шоттан барлық Бонусты немесе бір бөлігін өз қалауымен есептен шығаруға;

6.1.4. Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

6.2. Тараптар Шарттың талаптарын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сай жауапкершілік атқарады.

6.3. Тараптардың біреуі де байланыс жүйелерінің немесе жабдықтың кез келген зақымдануынан немесе істен шығуынан немесе табиғат катаклизмдерінен, апаттарынан, қоғамдық тәртіпсіздіктерден немесе Тараптардың еркіне байланысты емес өзге себептерден туындаған қызмет көрсетудегі үзілістерден болған қандай да бір тікелей немесе жанама залал немесе шығын үшін екінші Тараптың алдында жауапкершілік атқармайды. Егер кез келген осындай жағдай міндеттемелердің Шартта белгіленген мерзімде орындалуына тікелей әсер етсе, бұл мерзім тиісті жағдай әрекет еткен уақытқа жылжытылады. Қазақстан Республикасының уәкілетті органының форс-мажор жағдайларының туындағанын растайтын жазбаша куәлігі форс-мажордың дәлелі болады.

6.4. Kaspi Карточканы рұқсатсыз пайдаланғаны және Kaspi.kz-ке рұқсатсыз кіргені үшін жауапкершілік атқармайды.

6.5. Электр энергиясының өшірілуінің, байланыс желілерінің зақымдануының нәтижесінде, сондай-ақ Клиенттің айқын емес, толық емес немесе нақты емес нұсқауларының салдарынан туындайтын қателерден, қате түсіндірмелерден және т.с.с. туындаған,

фондах;

5.5.5. с целью оплаты операций по ценным бумагам;

5.5.6. в пользу ломбардов;

5.5.7. по всем операциям, связанным с платежами и переводами денег Kaspi, другим банкам (в т.ч. переводные операции по пополнению счета);

5.5.8. в целях пополнения электронных кошельков;

5.5.9. на Kaspi.kz посредством ППК/ЭД, если иное не будет установлено Kaspi во внутренних нормативных документах Kaspi;

5.5.10. и иным операциям/Транзакциям по усмотрению Kaspi.

5.6. По вопросам корректности начисления Бонусов Клиент вправе обратиться путем звонка с Номера телефона в Службу поддержки клиентов на 9999 в круглосуточном режиме.

## 6. Ответственность Сторон

6.1. В случае нарушений условий Договора или в случае если по мнению Kaspi Клиент систематически (более двух раз) злоупотребляет правами по Договору (в том числе совершает мнимые Транзакции с целью получения Бонусов), Kaspi имеет право применить одну из следующих мер:

6.1.1. предупредить о возможном ограничении в предоставлении услуг;

6.1.2. ограничить и (или) приостановить предоставление услуг;

6.1.3. отменить начисление Бонусов и/или списать с Условного счета все или часть Бонусов по своему усмотрению;

6.1.4. расторгнуть Договор в одностороннем порядке.

6.2. За неисполнение или ненадлежащее исполнение условий Договора Стороны несут ответственность согласно законодательству Республики Казахстан.

6.3. Ни одна из Сторон не несет ответственности перед другой Стороной, за какой бы то ни было ущерб или убытки, прямые или косвенные, вызванные любыми повреждениями или отказами систем связи или оборудования, или за перерывы в предоставления услуг, вызванные природными катаклизмами, бедствиями, общественными беспорядками или другими причинами, не зависящими от воли Сторон. Если любое из таких обстоятельств непосредственно повлияет на исполнение обязательств в срок, установленный в Договоре, то этот срок продлевается на время действия соответствующего обстоятельства. Доказательством форс-мажора будут служить письменное свидетельство уполномоченного органа Республики Казахстан, подтверждающие возникновение обстоятельств форс-мажора.

6.4. Kaspi не несет ответственности за несанкционированное использование Карточки и несанкционированный доступ на Kaspi.kz.

6.5. Kaspi не несет ответственности за неисполнение или задержку исполнения платежей, возникшие в результате отключения электроэнергии, повреждения линий связи, а также ошибки, неверного толкования и т.п., возникающих вследствие неясных, неполных или

Клиенттің Шарттың талаптарын және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын бұзуының нәтижесінде және Kaspi-ге байланысты емес басқа да себептермен туындайтын төлемдерді орындамағаны немесе орындауды кешіктіргені үшін Kaspi жауапкершілік атқармайды.

6.6. Kaspi-ге байланысты емес себептерден туындаған және Kaspi-дің хабарламаларын және Шот бойынша үзінді көшірмелерді Клиенттің уақтылы алмауына немесе алмауына әкеп соқтырған Интернет, пошта, байланыс желісі жұмысындағы жаңылысу үшін Kaspi жауапкершілік атқармайды.

6.7. Kaspi-дің Шарттың талаптарын орындамауына әкеп соқтырған техникалық жаңылысу орын алған жағдайда (электр қуаты мен байланыс желілерінің өшірілуі/бүлінуі, Kaspi-дің Деректер базасы бағдарламалық қамсыздандыруының жаңылысы, төлем жүйелеріндегі техникалық жаңылыстар), Kaspi мүліктік жауапкершіліктен босатылады.

6.8. Байланыс арналарын пайдаланған уақытта оларды тыңдаудың немесе жол-жөнекей ұстаудың нәтижесінде Бонус туралы немесе жүргізілген Транзакциялар туралы ақпарат өзге тұлғаларға белгілі болған жағдайда, Kaspi жауапкершілік атқармайды.

## 7. Қорытынды ережелер

7.1. Бағдарламаның аясындағы барлық хабарламалар, егер Сайтта және/немесе Kaspi.kz-те орналастырылса, Kaspi-дің атынан Клиентке жасалған хабарламалар болып саналады.

7.2. Kaspi өз қалауынша кез келген уақытта, Клиентке алдын ала хабарламастан, Шартқа кез келген өзгерістер енгізуге құқылы. Көрсетілген өзгерістер туралы ақпарат Сайтта жария етіледі.

7.3. Бағдарламаға өзгерістер мен толықтырулар олар Сайтта және басқа ақпарат көздерінде орналастырылған күні күшіне енеді.

7.4. Шарт мерзімсіз қолданылады және оны Тараптардың кез келгені бұзуы мүмкін.

7.5. Мына жағдайларда:

7.5.1. Клиенттің Бағдарламаға қатысудан бас тарту туралы (жазбаша/телефон арқылы ауызша) өтініші болғанда;

7.5.2. Техникалық жұмыстар жүргізілгенде;

7.5.3. Шарттың талаптары оларға сәйкес Бағдарлама тоқтатылатын не болмаса тоқтатыла тұратын болып өзгертілгенде;

7.5.4. Бағдарламаға байланысты алаяқтық әрекеттер және құқықтарды теріс пайдалану әрекеттері анықталғанда;

7.5.5. Сайтта орналастырылған Карточкаға банктік қызмет көрсету шарты бұзылған кезде;

7.5.6. Клиенттің қолданыстағы банктік қызмет көрсету шарты болмаған кезде;

7.5.7. Клиент қайтыс болғанда;

7.5.8. Kaspi-мен жасалған шарттар бойынша алаяқтық әрекеттерді жасады деген күдік болған кезде және/немесе олардың талаптары бұзылған жағдайда, Шарттың қолданысы тоқтатыла тұрады немесе тоқтатылады.

7.6. Kaspi Сайтта және/немесе Kaspi.kz-те бұл туралы хабарлама орналастырған сәттен бастап Шарттан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы.

7.7. Клиент бұл туралы Клиенттерге қолдау көрсету қызметіне хабарлаған (Телефон нөмірінен 9999

неточных инструкций Клиента, неисполнения или задержек в исполнении платежей третьими лицами, в результате нарушения Клиентом условий Договора и требований нормативных правовых актов Республики Казахстан, и по другим причинам, не зависящим от Kaspi.

6.6. Kaspi не несет ответственности за сбои в работе интернета, почты, сетей связи, возникшие по не зависящим от Kaspi причинам и повлекшие за собой несвоевременное получение или неполучение Клиентом уведомлений Kaspi и выписок по Счета. Kaspi.

6.7. Kaspi освобождается от имущественной ответственности в случае технических сбоев (отключение/повреждение электропитания и сетей связи, сбои программного обеспечения Базы данных Kaspi, технических сбоев в платежных системах), повлекшие за собой невыполнение Kaspi условий Договора.

6.8. Kaspi не несет ответственности в случае, если информация о Бонусах или проведенных Транзакциях станет известной иным лицам в результате прослушивания или перехвата каналов связи во время их использования.

## 7. Заключительные положения

7.1. Все уведомления в рамках Программы считаются сделанным от имени Kaspi Клиенту, если они размещены на Сайте и/или на Kaspi. kz.

7.2. Kaspi по своему усмотрению вправе вносить любые изменения в Договор в любое время без предварительного уведомления Клиента. Информация об указанных изменениях публикуется на Сайте.

7.3. Изменения и дополнения в Программу вступают в силу в день их размещения на Сайте или в других информационных источниках.

7.4. Договор действует бессрочно и может быть расторгнут любой из Сторон.

7.5. Действие Договора приостанавливается или прекращается в случаях:

7.5.1. наличия обращения Клиента об отказе участия в Программе (письменно/устно по телефону);

7.5.2. проведения технических работ;

7.5.3. изменения условий Договора, в соответствии с которыми прекращается либо приостанавливается Программа;

7.5.4. выявления мошеннических действий и действий по злоупотреблению правами, связанных с Программой;

7.5.5. при расторжении Договора банковского обслуживания Карточки, размещенного на Сайте;

7.5.6. При отсутствии у Клиента действующего договора банковского обслуживания;

7.5.7. Смерти Клиента;

7.5.8. при наличии подозрений в совершении мошеннических действий по договорам, заключенным с Kaspi и/или при нарушении их условий.

7.6. Kaspi вправе отказаться от Договора в одностороннем порядке с момента размещения уведомления об этом на Сайте и\или на Kaspi/kz.

7.7. Клиент вправе в любое время отказаться от Договора и прекратить свое участие в Программе с

нөміріне телефон соғу) сәттен бастап кез келген уақытта Шарттан бас тартуға және Бонус Бағдарламасына қатысуын тоқтатуға құқылы немесе Банктің мекенжайына жазбаша хабарлама жолдайды.

7.8. Клиенттің Бонус Бағдарламасына қатысуы тоқтатылған жағдайда, Шартты шоттағы Бонус жойылады.

7.9. Клиент Бағдарламадан шыққан жағдайда, Клиенттің Шартты бұзғаннан кейінгі жасаған әрекеттері Бағдарламаның аясына кірмейді.

7.10. БҚ-да операциялар жасауға техникалық мүмкіндік болмаған жағдайда, Kaspi байланыс жүйелерінің немесе жабдықтың кез келген зақымдарынан немесе істен шығуынан болған БҚ-ның жұмысы үшін немесе қызмет көрсетудегі үзілістер үшін жауапкершілік атқармайды.

7.11. Шартта тікелей көзделген жағдайлардан басқа кезде Клиенттің Шарт бойынша жолдайтын барлық хабарламаларының және (немесе) хабарларының күші болады және, егер олар жазбаша түрде жасалса, Тараптардың шартта көрсетілген мекенжайларына оларды алғаны туралы белгісімен тапсырысты хатпен немесе курьерлік қызметпен жіберілсе немесе жеке қолына жеткізілсе, жеткізілген болып саналады.

7.12. Шиеленісті жағдайлар туындаған кезде, Тараптар мынадай әрекеттерді жүзеге асырады:

7.12.1. Клиент Kaspi мекенжайына жазбаша өтініш жолдайды немесе Телефон нөмірінен Клиенттерге қолдау көрсету қызметіне 9999 нөмірі арқылы телефон соғып, хабарласқан күнін, сондай-ақ кеңес/түсіндірме алу үшін мәселені көрсетіп, байланыс/дербес деректерін (Шартты шотта Бонусты есептемеген немесе қате есептеген жағдайда) береді;

7.12.2. Kaspi Клиенттің жазбаша (ауызша) өтінішін Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шартта белгіленген мерзімде қарастырады;

7.12.3. Kaspi Клиентке жауабын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Kaspi-ге жолданған хабарда көрсетілген мекенжайға жібереді.

7.13. Тараптардың арасында даулар, қарама-қайшылықтар мен келіспеушіліктер туындаған жағдайда, олар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен дауды сотқа дейін немесе соттан тыс реттеу бойынша шара (соның ішінде, бірақ шектелмей: шағымдану жұмыстарын жүргізу, талаптар мен хабарламалар жіберу, хаттармен, электрондық хабарламалармен, SMS-хабарлармен, факсимильдік байланыспен және заңда тыйым салынбаған басқа да байланыс құралдарын пайдаланып алмасу) қолданады. Тараптар дауды сотқа дейін немесе соттан тыс реттеу бойынша қолданған шаралардың нәтижесінде келісімге қол жеткізбеген кезде, дау Kaspi-дің орналасқан жері бойынша сот тәртібімен шешілуге беріледі.

7.14. Шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалды.

7.15. Kaspi-дің деректемелері: мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050013, Алматы қ., Наурызбай батыр к-сі, 154 «А», e-mail: help@kaspi.kz

момента уведомления об этом Службы поддержки клиентов (звонок с Номера телефона на 9999) или направив письменное уведомление в адрес Банка.

7.8. В случае прекращения участия Клиента в Программе Бонусы на Условном счете аннулируются.

7.9. В случае выхода Клиента из Программы, совершаемые Клиентом действия после расторжения Договора, не подпадают под Программу.

7.10. В случае отсутствия технической возможности осуществления операций в ПО, Kaspi не несет ответственности за работу ПО, вызванные любыми повреждениями или отказами систем связи или оборудования, или за перерывы в предоставлении услуг.

7.11. Все уведомления и (или) сообщения, направляемые Клиентом по Договору, кроме случаев, прямо предусмотренных Договором, имеют силу и считаются доставленными, если они составлены в письменном виде и отправлены заказным письмом или курьерской службой, или доставлены нарочным по указанным в договоре адресам Сторон с отметкой об их получении.

7.12. При возникновении конфликтных ситуаций Стороны осуществляют следующие действия:

7.12.1. Клиент направляет письменное обращение в адрес Kaspi либо звонит с Номера телефона в Службу поддержки клиентов на 9999 предоставляет свои контактные/персональные данные (в случае не начисления или некорректного начисления Бонусов на Условном счете), даты обращения, а также указанием вопроса для получения консультации /разъяснения;

7.12.2. Kaspi рассматривает письменное (устное) обращение Клиента в сроки, установленные законодательством Республики Казахстан или Договором.

7.12.3. Kaspi предоставляет Клиенту ответ на адрес, указанный в сообщении, направленном Kaspi, в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан.

7.13. Стороны, в случае возникновения между ними споров, противоречий и разногласий, принимают меры по досудебному или внесудебному урегулированию спора в порядке, установленным действующим законодательством Республики Казахстан (в том числе, но не ограничиваясь: проведение претензионной работы, направление требований и уведомлений, обмен письмами, электронными сообщениями, SMS сообщениями, факсимильной связью и с использованием других средств связи, не запрещенных законом). При недостижении сторонами согласия в результате принятых мер по досудебному или внесудебному урегулированию спора, спор передается на разрешение в судебном порядке, по месту нахождения Kaspi.

7.14. Договор составлен на государственном и русском языках.

7.15. Реквизиты Kaspi: адрес: Республика Казахстан, 050013, г. Алматы, ул. Наурызбай батыра, 154 «А» e-mail: help@kaspi.kz

***